



ТІЛ ТАРИХЫ: КІРІСПЕ

Түркі тілі. 2-бөлім





Түркі халықтарының тіл тарихы деректер бойынша б.з.б. 2800 жыл бұрын басталды. VIII ғасырда арабтардың түркі даласына енуіне қатысты, түркі тілінің жазуында, оның ішкі мазмұнында жаңаша бір бағыт пайда болды. Афрасиаб жоқтауынан бастап, соңғы жазба Орхон Енисейдегі «Күлтегін» жырларында да тақырып шектеулі еді. Олар мазмұны бойынша ерлік, елдік, жоқтау және салт-дәстүр туралы жырлар. VIII ғасырдағы нақты деректерге сүйенетін болсақ, 751 жылғы Атлах шайқасынан кейін, түркілер исламды еркін түрде қабылдаған соң, түркі әдебиеті де жаңа бетбұрыс алды. Бұл жаңа бетбұрыс, ежелгі тарихымыздың тақырыптары мен мазмұндары, жан, рух, сана, тағы сол сияқты философиялық танымдарға қатысты сөздермен толықтырылды. Ислам дінін қабылдаған соң, VIII ғасырдың 751 жылынан кейін, түркі жазуы біртіндеп араб жазуына ауысып, тілі де өзгеріске ұшырай бастады. Елдік, батырлық туралы жырлайтын тілдер, енді тереңірек, жаңа сенімге байланысты, Аллаға, сахабаларға, діни ғибадаттарға қатысты жаңа сөздер түркі тілінде пайда болды.

Орта ғасырлық Түркі тарихын зерттейтін болсақ, 751 жылы Атлах қаласы маңында Қытай және араб әскерлерінің арасында шайқас болған. Сол қытайлықтарға қарсы шайқаста, араб және ислам халифаты түркілерге көмектесіп, солардың арқасында үлкен жеңіске жеткен. Сол жеңісінен кейін, түркілер исламмен жақын танысып, ислам дінін еркін қабылдап, құндылықтарын дәріптеген. Сонымен қатар, түркі даласында жаңа дәуір бастау алған. Бұл жаңа дәуір үш кезеңді басынан өткереді. Бірінші кезеңі VIII–IX ғасырларда, екі ғасыр бойы араб тілінің үстемдігі болады. Халифат арабтың Умәйя, Аббас әулеттеріне жеткеннен кейін, бүкіл саяси құрылым арабтың тілі мен мәдениетіне қызмет жасаған. Парсылар да, түркілер де, екеуі араб тілінің ықпалында екі ғасырдай өмір сүрген. Сондықтан болар, Орта Азиядан шыққан Әбу Наср әл-Фараби, Аль-Хорезми, Ибн Синаның барлығы араб тілінде оқып, жазып, ғылымын әлемдік деңгейге жеткізген. Бірінші кезең, араб тілі мен мәдениетінің үстемдігі болғандығының себебі, түркілер мен парсылардың ислам дінін сол кездегі тарихи шарттар бойынша қабылдағаны. Құран араб тілінде жазылған соң, араб тілінің үстемдік етуінің бірінші себебі осы болған. Саяси билік те араб тектілердің қолында болды. Бұл саяси билік, барлық тіршілік тетіктерінің салалары, арабтың тілі мен мәдениетінің пайдасына шешіліп тұрды. Арабтардың үстемдігіне бірінші болып қарсы шыққан парсылар болды. Парсылар өздерінің мыңдаған жылдардағы мәдениетін, оп-оңай, жаңа бір мәдениетпен ауыстыруға қарсы болды. Иранның Хорасан аймағында билік құрған Саманит әулеттері, парсы тілі мен Иран тарихына үлкен мән беріп, парсылардың әдебиеті мен тарихын зерттеушілері мен жыршыларына үлкен қолдау көрсетті. Соның арқасында Әбу Абдаллах (Әбу-л-Хасан) Жафар Рудаки (860–941), тәжік классикалық әдебиетінің негізін салушы, философ дүниеге келген. Өз заманында ол «Ақындар атасы» атанған.

Әбілқасым Фирдоуси (935-1020) – шығыс ақыны, «Шахнама» дастанын (ақын Дажини бастаған) 35 жыл бойы жазған, ол 55 мың бәйіттен (қос тағаннан) тұрады. Бірінші нұсқасы 994 жылы, ал екінші нұсқасы 1010 жылы біткен. Тұңғыш рет 1829 жылы Үндістанда жарық көрді. Дастан үш бөлімнен тұрады. Фирдоуси, Иранның ежелгі тарихын жыр етіп, осы «Шахнама» деген шығармасында 76 дастанды жырлап шыққан екен. Сонда 35 жыл еңбек етіп, араб тілінің ықпалында болған парсы тілін қайта жандандырып, парсылардың өз тілін жаңаша үйренуіне мүмкіндік туғызды. Жырланған дастандары соншалықты қызық болғандықтан, түркілердің өзі оған әуестеніп, «Шахнамаға» еліктеп, парсы тілін үйрене бастады. Түркінің тарихында бір ғасырдай болған араб тілі үстемдігінен кейін, парсы тілінің үстемдігі болған. Сол себептен, араб тілімен қоса парсы тілі, ежелгі түркі тіліне ене бастаған. Отырықшы түркілердің Самарқанд, Бұқара, Баласағұн, Тараз сияқты қалалық жерлерінің барлығында, араб, парсы сөздері молынан бар. Қазақтарда араб, парсы сөздері сирек кездеседі. Себебі түркі тектес халықтардың ішінде көшпенді өмір сүрген қазақтар болды. Қазақтар жазба әдебиетіне көп бағынышты болмағандықтан, парсы, араб сөздерін аз қабылдаған. Түркілер VIII ғасырда араб тілінің үстемдігінде болып, кейін екінші кезең X ғасырда парсы тілінің үстемдігінде болды, одан кейін Қараханидтар билік жүргізгенде, әр мемлекеттің баянды болуына екі үлкен фактор, бірі тіл, екіншісі діннің қажеттігін сезді. Сол себептен, Қараханидтар өз мемлекетін ислам мемлекеті ретінде жариялап, түркі тіліне үлкен мән беріп, соған қолдау көрсетті. Ежелгі дәуірді кезінде Ирандықтар «Ұлы дария» деп айтқан. Осылай, мемлекеттің саяси қолдауынан, бір мезгілде ұлы тұлғалар дүниеге келді. Оларды атап айтсақ, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Қожа Ахмет Ясауи.



Қожа Ахмет Ясауи – түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының, байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орны бар ұлы ақын, философ. Бұлардың үшеуі, исламды түркілердің арасында дәріптеумен, ерекше көзге түскен тұлғалар. Түркілік сананың оянуына, қалыптасуына, араб пен парсының ықпалынан шығуына үлкен әрекет жасаған Қараханидтер мен осы үш ұлы тұлғаларымыз болған. Бұларды түркілер өзінің тарихында ерекше құрметтейді, өйткені олар кең даланың тіл бірлігін, дін бірлігін қамтамасыз ете білді. Екіншіден, Жүсіп Баласағұн мен Махмұд Қашқари түркілердің ежелгі тарихын бір-бірімен табыстыруына үлкен көмегін тигізді. Ежелгі түріктердің тілін, салт-дәстүрін және ауыз әдебиетін зерттегенде, олардың берген көптеген мағлұматтары бізге жетпес еді.

Қожа Ахмет Ясауи болса, оның аңызға айналған 99 мың шәкірті Орталық Азия түріктерінің арасында бір дін мен бір мәсапты қалыптастыруына үлкен үлес қосты. Орталық Азиядағы қазақтар, өзбектер, қырғыздар, түркмендер, тәжіктер «бір дін, бір мәсаптамыз, бәріміз мұсылманбыз». Бұл Қожа Ахмет Ясауидің шығармалары, хикметтері арқасында болғандықтан, ұлы ғұламаны, түркі дүниесінің идеологы деп қабылдаймыз.

Қорыта айтқанда, ортағасырлық түркілердің тілі байыды, ежелгі тілді есепке ала отырып, жаңа исламдық ұғымдар енгізілді. Мәселен, орта ғасырда енген намаз, зекет, ораза сияқты діни сөздер ежелгі дәуір әдебиетінде болмаған. Бірақ сол ежелгі дәуірден алынған, олжа, қонақы, сауын, күнделікті тіршілікке керек көптеген тағы басқа ұғымдар қолданылды.

Ежелгі дәуірдің бір байлығы саналатын шығарма, ол – «Қорқыт ата» дастаны. Қорқыт ата – түркі халықтарына ортақ ұлы ойшыл, жырау, қобызшы. Бұл дастанды зерттесек, ол жерде екі элемент бірдей бар. Біріншісі, түркі тілі мен әдебиетінің ежелгі дәуір белгілері бар. Көптеген Еуропалық ғалымдар «Қорқыт ата» дастанын, Гомердің шығармаларымен байланыстырады. Бұларға бейжай қарамай, «Қорқыт атаның» ғылыми тұрғыдан шығу тегін терең зерттеп анықтасақ, түркі тілі мен әдебиетінің, «Афрасиаб» жоқтауынан да тереңдеу болатынын көреміз. Адамзаттың тарихында жазба әдебиеті ретінде де, алғаш рет тасқа қашалып жазылған 12 дастанының, «Қорқыт ата» дастанымен салыстырғанына қарағанда біздің түркілік тарихта сол байланыстың бар екендігімен келісуге болады. Сол себептен, түркінің тарихы мен тілі, бұдан да әрі зерттелуі тиіс. Орта ғасырда түркілердің көптеген шығармалары, өзара түркілердің арасында өте атақты болған. Солардың ішінде лирик ақындар Саккаки, Лутфи сияқтылар елдің ішінде кеңінен танымал болған.

Әлемде өзіндік орын алған шығармасы бар тұлғаларды айтсақ, Захир әд-Дин Мұхаммед Бабыр, оның «Бабырнама» еңбегі, Әлішер Науаи, т.б. Әлішер Науаи (1441–1501) түркі халықтарына ортақ, ұлы ақын, ойшыл, мемлекеттік қайраткер. Әлішер Науаидың шығармаларын әлем мойындаған, ол түркілік ұғымды, түркі тілі мен әдебиетін XV ғасырда қалыптастырып, өзіндік әлемдік тілдер арасында орын алуына үлкен еңбек сіңірген.

Орта ғасырдың үлкен бір жетістігін күні бүгінге дейін әлемге таныта алмай келе жатырмыз. Ол отырықшы түркілердің әдебиет теориясын жазған Шейх Ахмет ибн Құдайдад Таразидың «Фанун-әл беләға» кітабы. Бұл еңбегін ол 1436–1437 жылдары жазған. Мұның себебі, отырықшы түркі тілінің қалыптасып, өзінің грамматикасы мен ережелеріне сәйкес қалыптасқанның белгісі.

Шейх Ахмет ибн Құдайдад Тарази – XV ғасырдың бірінші жартысында, атақты Әмір Темір ұрпақтары Шахрух пен Ұлықбек билік еткен (1409–1449) жылдар аралығында ерекше көзге түскен бірегей ғұлама ғалым, ақиық ақын.

Қазақ тілі толықтай отырықшы түркі тіліне бағынған жоқ, себебі қазақ тілінде парсы, араб сөздерінің аз болғандығы, олардың жырларындағы ұйқас радифке сәйкес келмейтін еді. Сондықтан қазақ тілі өзінің буындық өлшемімен жырланатын болғандықтан, қазақ поэзиясы, түркі халықтарының ішінде өзіндік ежелгі ерекшелігін сақтап келді. Отырықшы түркілердің әдебиеті, көшпенді түркілердің әдебиетінен айырмашылығы, қазақтың ежелгі дастандары көбінде төрт жолдан тұратын өлеңдер, мұндай өлеңдерді түріктер «төрттік» деп атаған, ал парсылар «робайы» деп атаған, көбірек жазған, сол өлеңдердің мұрагері осы қазақ болған. Қожа Ахмет Ясауи да өзінің «Хикметін» төрттікпен жырлайды. Кейін Дулат Бабатайұлы, Абай т.б. ақындардың өлеңдерінде де төрттік өлшем қолданылады. Көшпелі қазақтың бір артықшылығы, түркілердің ежелгі тілі мен әдебиетіне, салт-дәстүріне еліктеді. Түркі халықтары, ежелгі дәуір тілі мен әдебиеті және орта ғасыр тілі мен әдебиеті, одан кейін де бөлініске түскен. Бұл ұзақ әңгіме. Өзара ұлт ұлысқа бөлініп, тілдеріндегі өзгешеліктер, оларда жаңа диалектілердің



пайда болуына жол ашты. Бұл диалектілер өзбек, қазақ, ұйғыр, т.б. XX ғасырда көптеген саяси себептерге байланысты, толықтай бір-бірінен ажыратылып, тіл мәртебесіне ие болды. Қазір қырғыз, өзбек, түркімен де, барлығы өздерінің тілін мемлекеттік стандарт тілі деп есептейді. Сол деңгейге жетуге талпыныс та бар, оған күш те жұмсалып жатыр. Сондықтан қазіргі түрік тектес халықтар, алты тәуелсіз мемлекеттер, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзірбайжан, Түркия, Түркіменстан әр қайсысы дербес, өздерін түрік тектес тілдер ретінде, мемлекеттік стандарт тілін қалыптастыруда талпыныс жасап, соған көтеріліп келе жатыр. Ондағы қиыншылықтар да аз емес. Түрік тектес алты мемлекеттің алты тілі, тарихи жолмен дамып, әлемдік деңгейде орын алса, қазіргі Еуропа елдеріндегі Италия, Франция ағылшын және латын тілінің ықпалынан шығып, бұлар да ұлттық сипат алып, мемлекеттік стандарт тілге қол жеткізді. Түрік халықтары да, келешекте өздерінің тілін мемлекеттік стандарт тілі деңгейіне көтеріп, әлемдік өркениетке өз тілімен өзіндік үлес қосамын деген ниетпен, өзінің ұлттық саясатын қалыптастырып, еңбек етіп жатыр. Бір жағынан түрік тектес халықтардың тарихы бір, тілі бір, мүддесі бір елдер екендігін есте сақтап келе жатыр.